

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті педагогика саласындағы мамандар: ғалымдар, оқытушылар, мұғалімдер, әдіскерлер, жас зерттеушілер!

Сіздерді «Ұлттық интеграцияланған бағалау жүйесінің тұжырымдамалық негіздері және оны іске асыру жолдары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырамыз. Конференция ҒТБ БНҚ «Ұлттық интеграцияланған бағалау жүйесінің тұжырымдамалық негіздері» (BR21882300, 2023-2025 жж.) аясында **3-4.10.2025 . Астана қаласы (Қазақстан Республикасы) Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының базасында өтеді.**

Конференция ұлттық интеграцияланған бағалау жүйесі негізінде мектепте білім беру сапасын арттырудың тұжырымдамалық негіздері мен тетіктерін талқылауды және ғылыми-практикалық жалпылауды көздейді, сондай-ақ бағалау мазмұны мен тетіктерін жетілдіру арқылы осы мәселе бойынша зерттеушілер, практиктер мен сарапшылар арасында ғылыми жетістіктер мен тәжірибе алмасу үшін платформа құруға бағытталған

Конференция жоспары:

2.10.25 - Секциялық отырыстар

3.10.25 - Пленарлық отырыс

Конференцияда талқыланатын секциялар:

Секция 1: Бағалау үдерісінде цифрлық платформаларды қолдану: халықаралық және қазақстандық тәжірибе

Секция 2. Цифрлық платформалардағы ішкі және сыртқы бағалаудың интеграциясы мен тиімділігі: қазақстандық бағалау жүйесінің болашағы.

Секция 3. Сыртқы және ішкі бағалаудың өзара байланысы: мектептегі білім берудің қиындықтары мен шешімдері.

Подсекция 3.1 Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша бағалау: мазмұны және тәжірибеде іске асырылуы

Подсекция 3.2 Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша бағалау: мазмұны және тәжірибеде іске асырылуы

Қатысу шарттары:

1. Конференцияға қатысу тегін.
2. Конференцияға қатысу үшін тіркелу және баяндаманың аңдатпасын **2025 ж. 1 қыркүйегіне** дейін ұсыну қажет https://docs.google.com/forms/d/1brCLmuRu3ZcnZ79AtcxN3_byWRHXMB08JEIGCdNnWew/edit)
3. Баяндама мәтіндері **2025 ж. 30-қыркүйегіне** дейін конференцияның электронды поштасына pcf232025@gmail.com жіберілуі тиіс.
4. Конференция қорытындысы бойынша қатысушылар қатысқаны туралы сертификаттар алады, онда ұсынылған баяндаманың атауы және оның барлық авторлары көрсетіледі. Сондай-ақ, барлық қатысушылар үшін конференцияның толық мазмұнымен танысуға мүмкіндік беретін және одан әрі зерттеу үшін пайдалы болатын электрондық материалдар жинағы қолжетімді болады. Өткізу форматы: офлайн/онлайн

Құрметпен, Конференция ұйымдастыру комитеті (+77076026414).